




***Үй тапсырмасын
сұрау***

- 1. Терезе дегеніміз не?**
- 2. Терезе түрлерін ата.**
- 3. Windows-те қандай терезелер жоқ?**
- 4. Жаю батырмасының қызметі.**
- 5. Жиыру батырмасының қызметі.**
- 6. Терезелерді қандай пернелердің тіркесімен жабуға болады?**
- 7. Жабу батырмасының қызметі.**
- 8. Терезенің ең төменгі жолы қалай аталады?**
- 9. Alt + Tab пернелер тіркесінің қызметі.**

Kazakhstan



Файлдар, бумалар және жарлықтар



Kazakhstan



“...Адамз
жаңа технологиялардың
ғасыры болмақ, ал осы жаңа
технологияларды жүзеге
асырып, өмірге енгізу, игеру
және жетілдіру - бүгінгі
мектеп оқушылары сіздердің
еншілеріңізде”



Н.Ә.Назарбаев

Сабақтың мақсаты:

- Windows негізгі нысандарының анықтамалары мен сипаттамалары туралы оқушыларға түсінік беру, бума мен жарлық құруды үйрету.

Оқушылар білуі тиіс:

- файл, бума, жарлық, бумалар иерархиясы анықтамаларын, файл мен бума атауларының ережелері мен шектеулерін, бумаларды, жарлықтарды құру тәсілдерін.

Оқушылар үйренуі тиіс:

- Windows нысандарына, олардың типтеріне анықтама беруді, нысандарға атау беруді, бума мен жарлық жасауды.

**Компьютердегі барлық ақпарат
белгілі бір тәртіппен орналасады.**

**Ол тәртіп файлдық жүйе деп
аталатын арнайы жүйенің көмегімен
қамтамасыз етіледі.**

**Файлдық жүйенің негізгі
нысандары **файлдар,**
бумалар және жарлықтар.**



Файл – байттардың әлдебір атауы бар тізбегі. Бұл Windows жүйесінде жұмыс жүргізетін ақпараттың құрылымдық бірлігі. Файл не программа, не құжат болуы мүмкін. Файлдардың негізгі типтері: құжаттар, суреттер, бағдарламалар.

Файл аты оң және сол жақ бөліктерден тұрады. Оң жақ бөлігі үш символдан тұрады және олар файл типін анықтайды. Сол жақ бөлігінің ұзындығы 1-ден 255 символға дейін жетеді.

Файл атын жазғанда *әріптерді, 0-ден 9-ға дейінгі цифрларды, арнайы символдарды, дефис(-), астын сызу(_), леп белгісі(!) және мына символдарды: @, #, \$, %, ^, &, (,), {, }* қолдануға болады.

Ал мына символдарды: *жұлдызша(*), қос нүкте(:), нүктелі үтір(;), сұрақ белгісі(?), бөлгіш(/), үлкен(>), кіші(<), тырнақша(«»), нүкте(.)* қолдануға болмайды.



5 Сынып.doc

Файл атауы

кеңейтілімі

Дербес аты

*кеңейтілуі
(«фамилия»)*

Информатика кабинетінің құжаттары


.

doc



Бумалар (*Қапшықтар*) – бұл қандай да бір белгісі бойынша файлдарды бірлестіру. Бумалардың 2 түрі бар: жүйелік және жұмысшы.

Windows – тегі барлық файлдар, құжаттар, таңбашалар мен бағдарламалар қапшықтарда сақталады. Ол бос болуы да мүмкін. Қапшықта аттары бірдей объектілер болмауы керек.

Бума - объектілер бірлестігі




Бос орынға



Атын өзгер

Жарлықтар – нақты бір файлдарды көрсететін арнайы белгішелер. Жарлық жеке бір объект емес, ол файлға сілтеме ғана. Оны жойғанда файлдар жойылмайды.

*Жарлықтың басқа белгішеден айырмашылығы оның төменгі сол жақ бұрышында **кішкене иілген бағдарша** орналасқан.*



Жарлықтың *негізгі міндеті* – объектіге әр түрлі орыннан оның көшірмесін жасамай қатынауды қамтамасыз ету.


Схемада көрсетілген қалталардың бұтақтары (иерархиясы)
бойынша
«Жұмыс үстеліне» қалталар құрындар.



A vibrant field of pink cosmos flowers with yellow centers, set against a clear blue sky with soft white clouds. The flowers are in various stages of bloom, some in sharp focus and others blurred in the background.

Сергіту сәті

Сәйкесін тап!



Тест

.Байттардың аты бар қандай да бір тізбек қалай аталады?

- а) файл
- в) бума
- с) программа
- д) құжат

2. Жарлық – ол:

- A) Нысанға көрсететін, оған қол жеткізуді жеңілдететін сілтеме
- B) Нысанға қол жеткізуді жеңілдететін бума
- C) Арнайы түрде құрылған файл
- D) Мәтіні бар файл.

3. Файлды атау үшін қолданылатын символдардың ең үлкен саны:

- A) 100
- B) 200
- C) 50
- D) 255.

4. Буманы ашу үшін не істеу керек?

- А) Осы буманы тышқанның сол жақ батырмасымен бір рет шерту
- В) Осы буманы тышқанның оң жақ батырмасымен бір рет шерту
- С) Осы буманы тышқанның сол жақ батырмасымен екі рет шерту
- Д) Осы буманы тышқанның оң жақ батырмасымен екі рет шерту.

5. Басқа буманың ішіндегі бума қалай аталады?

- А) Ішіне салынған
- В) Ата-аналық
- С) Каталог
- Д) Түпкі.

6. Белгіше - ол:

- А) Файл
- В) Бума
- С) Жарлық
- Д) Компьютер.

7. Белгіше  - ол:

- А) Файл
- В) Бума
- С) Жарлық
- Д) Компьютер.

8. Белгіше  - ол:

- А) Жүйелік бума
- В) Жұмысшы бума
- С) Жарлық
- Д) Файл.

9. Файлға дейін толық жол: C:\кітап\әңгіме.txt. Файлдың аты қалай?

- А) Кітап\әңгіме.
- В) Кітап\әңгіме.txt.
- С) txt.
- Д) Әңгіме.txt.

10. Отправить Рабочий стол (Создать ярлык) бұйрығы:

- А) Бумада көрсетілген нысан үшін жарлық құрады
- В) Бумада көрсетілген нысан үшін жарлық құрады және оны Жұмыс үстеліне жөнелтеді
- С) Көрсетілген нысанды жарлыққа ацыстырады
- Д) Жаңа бума құрып, оның ішіне жарлық құрады.

Жауабы

1

2

3

4

5

6

7

8

9

10

Үйге тапсырма

*§11 Файлдар, бумалар
және жарлықтар оқу,
бақылау сұрақтарына
жауап беру.*



БАҒАЛАУ

“Бес саусақ”



- 1. Бүгінгі сабақты қаншалықты ұқтым?*
- 2. Не ұнамады?*
- 3. Маған сабақта ұнады*
- 4. Маған бүгінгі сабақта көмектесті*
- 5. Бүгінгі көңіл күйің*